

**ҚМ ҚМК БАТЖ «Қаржы операциялары туралы мәліметтер жинау» ішкі жүйесін жүзеге асыру мен қолданысқа енгізу жөніндегі конкурстық құжаттама пакетінің көшірмесін алған әлеуетті жеткізушілерге - 2-кезең**

**Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржы мониторингі комитетінің Бірыңғай ақпараттық талдамалы жүйесінің «Қаржы операциялары туралы мәліметтер жинау» ішкі жүйесін жүзеге асыру мен қолданысқа енгізу жөніндегі конкурстық құжаттаманың талаптарына түсіндірме – 2-кезең**

Мемлекеттік сатып алудың ұйымдастырушысы - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржы мониторингі комитетінің Ақпараттық-техникалық басқармасы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржы мониторингі комитетінің Бірыңғай ақпараттық талдамалы жүйесінің «Қаржы операциялары туралы мәліметтер жинау» ішкі жүйесін жүзеге асыру мен қолданысқа енгізу жөніндегі конкурстық құжаттаманың – 2-кезең кейбір тармақтарын түсіндіруге қатысты хатты қарап келесіні хабарлайды:

**1-сұрақ:** «Веб-СФМ» құрамдас бөлігінің ҚР ҚМ ҚМК интернет-порталымен ықпалдасуы деп не түсініледі, яғни осы ықпалдасу шеңберінде қандай ақпаратпен алмасу жүргізу қажет? («4. **Конкурстық өтінімнің техникалық ерекшелігінің мазмұнына талаптарға**» сілтемемен)

Жауап: Ықпалдасу деп "Веб-СФМ" функцияларына ҚМС кіру мүмкіндігінің нүктесін ұйымдастыру түсініледі

**2-сұрақ:** Бірінші кезеңде жүзеге асырылған «ҚОМЖ» ішкі жүйесін әзірлеуде қандай бағдарламалық қамтамасыз ету мен технологиялар пайдаланылған («**Ерекше шарттарға**» сілтемемен).

**Жауап:** «ҚМС-АЖО» құрамдас бөлігінің бағдарламалық модулдерді әзірлеу саласы ретінде С# пайдаланылды. Деректер базасы құрамына кіретін сақталу процедураларын әзірлеу үшін Oracle 10g R2 бағдарламалық құралы пайдаланылды, деректерді манипуляциялауда SQL\*Plus пайдаланылды. «ҚМС-АЖО» операциялық жүйесі ретінде Windows пайдаланылды.

**Мемлекеттік сатып алудың  
уәкілетті өкілі**

**С.Асқаров**